

ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ САЛАЛАРҒА БАҒЫТТАП ОҚИТУ

Нұрмұхаметова Қ.Т.

Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін қазақ тілін оқыту мәселесімен қатар, оны жоғары деңгейде кәсіби салада оқыту мәселелері де туындап отыр. Мемлекеттік тіл ол ең бірінші қазақ тілі болатын болса, кәсіби салаларда мемлекеттік тілді оқыту ол әр салада қазақ тілін сол салаға бейімдеп оқыту, сол салада қолданылатын терминдерді пайдаланып сөйлеуге жаттықтыру, сол саланың іс құжаттарын, нормативтік құқықтық актілерді, құжаттарды ең алдымен мемлекеттік тілде қазақ тілінде толтыруға жаттықтыру, демек бұл қазақ тілінің ішіндегі ауыз екі сөйлесуге үйрету деңгейінен жоғары кәсіби сала тілі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алға шарттарының бірі–оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және іс қағаздарының қазақша жүргізілуі. Ісқағаздар, ресми құжаттардың тілі дұрыс қалыптасып ендігі бір жүйеге түсуі керек, сонда ғана қазақ тілінің қолданыс аясы, өрісі кеңейеді. Бұл жұмыстар негізінен қазақ тілін кәсіби салалар бойынша оқыту барысында жүзеге асырылады.

Кәсіби салада оқыту негізінен сұхбат түрінде жүргізіледі, яғни студент курс соңында өз саласына қатысты сұрақ-жауапты игеруі, сала терминдерін пайдаланып сөйлей білуі, өз саласына қатысты туындаған мәселелер бойынша сұрақтар қою және өз саласындағы барлық құжаттарды қазақ тілінде жүргізе білуге үйренеді. Студент кәсіби сөйлеу бағытында оқытылады және оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу тәсілдерін толық игереді, оқу-түсіну, ойын түсінікті етіп жаза білу, мәселеге қатысты өз ойын дұрыс жеткізу, өз саласына қатысты алған құжатты дұрыс түсіне білу, ол туралы өз ойын айту, сөйлеу барысында өз саласына қатысты күрделі сөзді қолдану арқылы ойын толық жеткізу бағытында оқытылады. Оқу материалына негізінен өз мамандығына байланысты мәтіндер алынады. Аталған құжаттарды дайындай білумен қатар оларды белгілі бір дауыс ырғағымен оқи білуге жаттықтыру жұмыстары да қатар жүргізіледі.

Кәсіби сөйлеуге үйрету барысында қазақ тілін ауызекі сөйлеу тілі ғана емес сонымен қатар жұмыс барысында кәсіби тілде сөйлеу, кәсіби тілде сөйлейтін ортаны қалыптастыру жұмыстары туындайды. Сонымен қатар қазақ

тілін кәсіби салалар бойынша оқыту-үйрету барысында кәсіби сала сөздерін тілде қолданғанда ол сөздердің дұрыс тіркеспен айтылуын, қалыптасқан тұрақты тіркеспен айтуға жаттықтыру, қалыптасқан кәсіби сөздердің дұрыс тіркестікте пайдалануын қалыптастыру, бір жағынан іс қағаздарындағы сөз тіркестерінің лексикалық мүмкіндігінің шектелгендігінен шығады мысалы: хаттама (жиналыста) – жүргізіледі, (жазылмайды), қызметтік хат жазылады (толтырылмайды), жолданады (жіберілмейді), сөгіс жарияланады, лауазымға тағайындалады (алынбайды), іссапарға – жолданады (жіберілмейді), еңбек демалысына – шығарылады (жолданбайды).

Бұл сөздер терминдік міндетті атқарып тұрғандай, сонымен қатар кеңседе жиі қолданылатын сөздер – қол қою, бұрыштама соғу, мөр басу т.б. Іс құжаттары тілін оқыту барысында біз бұл сөздердің тілдік стандартқа енген сөз қолданысы екенін байқаймыз.

Тіл үйренуші тілін дамыту екі бағытта жүргізіледі: ауызша және жазбаша. Жалпы алғанда тілді оқытуды бұл екі бағыт қатар байланыста жүргізіледі. Бірақ қазақ тілін оқытудың ең алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады. Осыған орай жанадан еңгізілген кәсіби қазақ тілі пәніне байланысты практикалық лингвистика кафедрасы ұжымы бағдарламада кәсіби лексиканы меңгертуге тиімді тақырыптарды, жаттығулар жүйесін, тапсырмаларды іріктеп қолданады.

Жаттығулар жүйесі – кәсіби ұғымдардың мәні мен мағынасын түсіндіре отырып тілді мамандыққа сай үйрететін, алған тілдік білімді тәжірибемен ұштастырып, шеберлікпен дағдыны қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс кешені. Жаттығулар түрлері: 1. Машықтандыру жаттығулары. 2. Шығармашылық жаттығулар. 3. Кәсіби-жағдаяттық жаттығулар.

Машықтандыру жаттығулар – студент үйренген сөздік қорын ұтымды пайдаланып, оны кәсіби тілдік қатынаста шеберлікпен қолданудың амал-тәсілдерін берік меңгеруін әбден қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс.

Бұл жұмыс кәсібі лексиканы, ұғымдарды, олардың табиғаты туралы мәліметте меңгеруден басталады. Нақтылы мамандыққа байланысты таңдап алынған лексиканы меңгерту үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, оны дұрыс қолдану амалдарын игерту; үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық ережелерді байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысымдық бағыттылығын ескеру керек.

Кез келген тақырыпты өту барысында берілген сөздерді мұқият тыңдатып, қайталау арқылы тіл үйренушілер жаңа кәсіби лексиканың айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін, тілдесімде дұрыс қолдануға машықтанады. Әр сабақта үйретілетін жаңа кәсіби лексиканы олар өздерінің жұмыс жағдайында күнделікті қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйренеді, кәсіби сөздік қорын байытады. Келесі кезең – жаңа сөздерге түсініктеме беріледі: (ақпарат – нақтылы бір тақырып, жағдай бойынша алынатын хабар, мәлімет); одан кейін осы сөзбен бірнеше сөз тіркестері (ақпараттық жүйе, ақпараттық кеңістік, ғылыми ақпарат), сөйлем (Елімізде ақпараттық жүйе мамандығы сұраныста) құрастыру дағдысы қалыптастырылады, синонимдік (ақпарат – мәлімет), антонимдік (ақпарат алу-ақпарат беру) қатарын табуға үйрету жұмыстары жүргізіледі. Кейін бұл сөз басқа да жаттығу түрлері мен шағын сұхбат, мәтін ішінде келесі сабақтарда да қайталанып беріледі. Сөйтіп сөз тіл үйренушінің санасында әбден бекіп, оны кәсіби жағдайда тілдік қатынаста қолдану дағдысы қалыптасады. Сөздіктермен аударма жасау, оларды жадында сақтату аударылған сөздерден сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрастыру жұмыстары үнемі назарда болады.

Орыс тілді аудиторияларды мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу студенттерді келешек мамандығында қолданатын іс қағаздарының түрлерімен таныстырады. Оларды кәсіби бағытта тілдік қатынасқа дайындауда; болашақ маман ретінде қазақ тілімен қатар мамандыққа байланысты сөздерді үйреніп, сөздік қорын байытады және оны келешекте үйреніп қызмет барысында қолданады, оларды өз мамандығын жетік меңгерген маман болуына септігін тигізеді.

Мемлекеттік тілде іс қағаздардың жүргізу – оқу процесінің өзекті мәселелерінің бірі

болғанымен, бұл салада жарық көрген әдістемелік құралдар – жоқтың қасы. Іс қағаздарына байланыстышыққан қай оқулықты алсаңыз да, онда іс қағаздарының жалпыға ортақ түрлері: арыз, өмірбаян, анықтама, қолхат, жеделхат, түсінік хат, т.б. берілген. Шынына келсек, іс қағаздарының жалпыға бірдей бұл түрлерімен оқушылар мектеп қабырғасында танысып үлгереді. Сондықтан осы бағдарлама орыс аудиторияларында мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу дегенде студенттерді келешек мамандығында қолданатын іс қағаздарының түрлерімен таныстыру, оларды кәсіби бағытта тілдік қатынасқа дайындау деп түсіну қажет.

Пәнді оқыту жұмысы тақырыптық ұстанымға негізделіп, коммуникативті бағытта функционалды – жүйелік әдісті қолдану негізінде, орыс тілі мен қазақ тілін салыстыру жолымен іске асады. Іс қағаздарының қай-қайсысы болса да мәтін деп алынып, тіл дамыту жұмыстарының барлық түрлері жүргізіледі. Яғни, іс қағазының мәтінін тыңдау, оны оқу, сауатты жазу, сөздік жұмыстарын жүргізу, сұраққа жауап әдісімен диалогтар құрастыру, үлгі, кесте бойынша іс қағаздарын толтыру, тыныс белгілерімен жұмыс істеу, тест сұрақтарына жауап беру; сын жұмыстарын жүргізу, т.б.

Әр мамандықтың өзіне ғана тән кәсіби сөздері мен терминдері, іс қағаздарының түрлері мен құжаттары барын ескерсек, студенттеріміз кәсіби бағытта дайын болады.

Студент мынадай мәселелерді үйренуі тиіс:

- ✓ Өзара сөйлесу;
- ✓ Мемлекеттік тілге қатысты мәліметті әңгімелеуді;
- ✓ Іс қағаздары сауатты толтыруда;
- ✓ Сызбалар негізінде іс қағаздарды құрастыруды;
- ✓ Деңгейлік тапсырмалар негізінде сауатты жазуға;
- ✓ Кеңселік іс қағаздарын дұрыс толтыру;
- ✓ Іскерлік іс қағаздарының түрлерін;
- ✓ Іскерлік іс қағаздарды стандарттық талаптарға сай құрастыру;
- ✓ Мемлекеттік тілде іс қағаздарды компьютерде басып шығаруды;
- ✓ Қызметтік хаттардың түрлеріне ажырату;
- ✓ Қызметтік хаттарды сауатты және стандарттық талаптарға сай құрастыру;
- ✓ Көпшіліктің алдында сөз сөйлей алу;
- ✓ Түрлі мәліметтер бойынша есеп жазуға;

✓ Мамандығына байланысты тілдік қарым-қатынас жасауға.

Тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөз әдебін (*этика общения*) орынды қолданудың негізгі бағыттары, мақсаты: *мәдени-әдеби сөйлей білудің нормаларына үйрету, яғни, орфоэпиялық дағдыны меңгерту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру; лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорларын байыту; есту, сөйлеу қабілетін дамыту; көріп-қабылдау қабілетін меңгерту; қате берілген дыбыстарды дұрыс қою (түзету), сөздердің тігісін жатқызып үйлестіре үндесім жасау, коррекциялық жұмыстар; жаңа сөздер үйрету, сөз бен сөздің байланысын, сөйлем құрату, сөйлемнің құрылысын меңгерту, синтаксистік лексикадан мәлімет беру; студенттердің ойын жазбаша дұрыс, сауатты жазуға, сөйлей білуге үйрету болып табылады.*

Қазақ тілі қалай жазса дәл солай айтуды немесе айтылуы бойынша жазуды көтермейді. Бұлай болатын себебі, орфография нормаларын сақтап сауатты жазу қаншалықты жауапты болса, айтуда да орфоэпиялық заңдылықтарды сақтап, дыбыстарды үйлесімді үйлестіре айту, дыбыстардың тігісін жатқызып жағымды, әсерлі етіп жеткізу соншалықты маңызды. Сондықтан да осындай заңдылықтарға көп көңіл бөлініп ерекшеліктері екшеленіп отырса, қазақ тілінің нәрін, әрін кетірмей, сазды әуезділігін бұзбай айтуға машықтандыра-

ды. Орыс тілді аудиторияларда тез меңгерте алуға да себін тигізеді. қазақ тілінің қыр сырын үйретуде септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000.

2 Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологиялары: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы. – Астана, 2011.

3 Әбілқайев А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2007.

4 Бейсенбайқызы З. Сөз мәдениетінің негіздері. – Алматы, 2007.

Резюме

Статья посвящена вопросу расширения сферы применения казахского языка не только как учебного предмета, а также проблеме обучения языку профессионального уровня. Рассматривается обучение государственному языку на разных уровнях, использование в речи профессиональных терминов с учетом будущей специальности. С обучением разговорной речи одновременно формируется и культура речи.

Conclusion

The article deals with the Kazakh language teaching and using it in professional sphere. It considers teaching the state language, teaching speaking using professional terms and filling in documents in the Kazakh language. The article shows ways of developing spoken language along with culture of speech.

ПАТРИОТИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ ПЕСЕН РОЗЫ РЫМБАЕВОЙ

Пикулева А.Ю., Бисембаева А.Т.

Президент Казахстана Н.А. Назарбаев отметил, что сегодня нам следует глубоко осмыслить процессы, изменения социально-демократической, конфессиональной, социально-политической структуры общества, изменения ценностей и мировоззрения различных слоев населения. Президент заметил, что эту работу следует возложить на ученых Казахстана: институты должны заняться изучением и всесторонним освещением новейшей истории, становления и развития независимости Казахстана, новой международной роли, статуса нашего государства, а также культивированием идеологии патриотизма, гордости за успехи нашего государства, пропагандой нашей независимости. Нужно перенести акцент

с историко-культурного наследия на развитие современной культуры и ценностей Казахстана, без этого общество не может полноценно развиваться, мы можем упустить молодое поколение, которое подвергается воздействию различных культур [1].

Идея патриотизма во все времена занимала особое место не только в духовной жизни общества, но и во всех важнейших сферах его деятельности – в культурной, идеологической, политической и других. Сейчас много говорят о воспитании казахстанского патриотизма, о том, в чем смысл этого понятия, каковы его главные принципы. Но само понятие патриотизма имеет очень глубокое, труднооценимое значение.